

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТИІМДІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ISSUES OF EFFICIENCY OF FINANCING THE AGRICULTURAL SECTOR

ВОПРОСЫ ЭФФЕКТИВНОСТИ ФИНАНСИРОВАНИЯ АГРАРНОГО СЕКТОРА

С.Д. ТӘЖІБАЕВ^{1*}

э.ғ.д., профессор

Г.К. МҰСАЕВА²

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

С.О. ТАНАТОВА³

Ph.D докторы

¹*Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз, Қазақстан.*

²*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан.*

³*М.Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті, Бішкек, Қырғызстан*

**автордың электрондық поштасы: stazhibaev@mail.ru*

S.D. TAZHIBAEV^{1*}

Dr.E.Sc., Professor

G. MUSAEVA²

C.E.Sc., Associate Professor

S.O. TANATOVA³

Ph.D

¹*Sh.Murtaza International Taraz Innovation Institute, Taraz, Kazakhstan*

²*M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan*

³*M. Ryskulbekov Kyrgyz Economic University, Bishkek, Kyrgyzstan*

**corresponding author e-mail: stazhibaev@mail.ru*

С.Д. ТАЖИБАЕВ^{1*}

д.э.н., профессор

Г. МУСАЕВА²

к.э.н., ассоциированный профессор

С.О. ТАНАТОВА³

докторPh.D

¹*Международный Таразский инновационный институт им.Ш.Муртазы, Тараз, Казахстан*

²*Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, Тараз, Қазақстан*

³*Кыргызский экономический университет им. М. Рыскулбекова, Бишкек, Кыргызстан*

**автордың электрондық поштасы: stazhibaev@mail.ru*

Аңдатпа. Көптеген экономикалық дамыған елдерде мемлекеттік қолдау, ауыл шаруашылығы саласына қаржылық инвестициялар, өнімділік пен кірістілікті арттыру, азық-түліктің қолжетімділігін қамтамасыз ету – экономикалық өсудің, ең алдымен, халықты жұмыспен қамтудың негізгі факторлары. *Мақсат* – Республикадағы агроөнеркәсіп кешенінің қаржыландырудағы негізгі проблемаларын қарастыру және ғылыми көзқарастарды шешу. *Әдістер* - салыстыру, синтез, монографиялық зерттеу және логикалық бағалау әдістері мемлекеттік көмектің және инвестициялаудың тиімділігіне әсер ететін механизмдерді анықтау үшін қолданылды. *Нәтижелер* - мақалада аграрлық секторды қаржыландырудың бюджет көздері талданды. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мақсатты бағдарламалардың маңыздылығы көрсетілді, бұл баға, салық, лизинг механизмдері, жеңілдетілген несиелер және субсидиялау арқылы жүзеге асырылады. 2018-2022 жылдар аралығындағы ақпарат, Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған АӨК дамыту бойынша Ұлттық жобасының деректерімен толықтырылды, агроөнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі мен капитал салымдарының мөлшері қамтылды. Зерттеуде ауыл шаруашылығы өнімдерін сату нарығын кеңейту, жаңа жұмыс орындарын

..... 79

Бірнеше индустриалды дамыған елдердің микродеректерін пайдалана отырып, Америка Құрама Штаттарында (АҚШ), Германия мен Австралиямен салыстырғанда қаржылындыруда тиімді және басқа тетіктер арқылы көрінеді (Закон Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности...») [7], (Статистические данные Бюро национальной статистики....) [8].

Қаржыландырудың тиімділігі айтарлықтай дәрежеде қаржылық және өндірістік капиталды біріктіру арқылы қол жеткізіледі, ол агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау сияқты ұйымдық нысандарда, жеңілдіктерден басқа, бағалық, салықтық, лизингтік және басқа тетіктер арқылы көрінеді (Tokbergenova A., Kiyassova L., Kairova S.) [9].

Сондай-ақ зерттеулер нәтижелеріне назар аударылып, ауыл шаруашылығы саласында өндірілген өнімнің жалпы көлемі мен оларды қаржыландыру көлемі «Қаз-АгроҚаржы» АҚ арқылы қаржыландыру көлемінің жаңа тетіктерімен толықтырылды. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2023-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында жалпы кешенді экономикалық шаралармен қатар, қаржылық және өндірістік капиталды біріктіру арқылы ауыл шаруашылығы өндірісіне заманауи технологиялар мен инновацияларды енгізуге ерекше назар аударылған. Бұл шаралар БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келеді (Zoria, O., Zoria S., Salohub I.) [10].

Материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру тұтастай алғанда елдегі аргосекторды мемлекеттік қолдау жөнінде жасалып жатқан жұмыстар төңірегінде талдаулар жасалып көрсетілген. Зерттеу 2018-2022 жылдар арлығындағы деректерді ескерген, онда аграрлық сектордағы өндірілген өнім көлемінің жалпы көлемін және оларды қаржыландыру көлемі мен қоса 2021-2025 жылдарға арналған ҚР АӨК дамыту жөніндегі ұлттық жоба мәліметтерімен толықтырылған.

Қазақстандағы және шетелдегі барлық салалар бойынша мемлекеттің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бағалау кезінде көрсетілген. Бұл зерттеудің негізгі үлесі стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың экономикалық тиімділігін бағалау үшін экономикалық-математикалық құралдарды әзірлеу болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру оның тұтастай алғанда мемлекеттің эконо-

микалық дамуына тікелей әсер ететіндігін көрсетті. Зерттеу әдістері көрсеткендей Қазақстанның барлық өңірлерінде стратегиялық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларды қолдау мен жүзеге асыруда үлкен мүмкіндіктер қарастырылған. Зерттеу әдістемесі сандық және сапалық талдау әдістерін қамтиды, олар статистикалық мәліметтерді жинау және өңдеу, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мемлекеттік қолдаудың басымдықтарына бюджеттік қаржыландырулармен және субсидиялар арқылы жүзеге асатыны белгілі (Закон Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности...») [7].

Нәтижелер

Агроөнеркәсіп саласына негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2021-2022 жылмен салыстырғанда 40,3 пайызды құраған, оның ішінде, ауыл шаруашылығы саласында 54,2 пайыз болса, тағамдық азықтар өндірісі саласында соңғы 2 жылда 59,5 пайызға төмендеген. Соңғы екі жылда ауыл шаруашылық техникасы мен жабдығының лизинг көлемі 73,3 пайызға өскен. Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі қорларына салынған инвестициялар 2021 жылы 773,2 млрд. теңгені құрады. Орташа жылдық өсу қарқыны 33,3 пайызды құрайды. Мәселен, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға 2020 жылы – 287,7 млрд. теңге, 2021 жылы – 366,1 млрд. теңге және 2022 жылы – 372,0 млрд. теңге бөлінген.

Ұсынылған статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, мақалада біз мемлекеттік қаржыландырулармен жеңілдік қорларының нәтижелері ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік секторлардағы тауар өндірушілер өндіретін өнімдерінің агроөнеркәсіп кешені саласында қаржыландыру деңгейі жыл сайын өсіп отыр (Статистические данные Бюро национальной статистики....) [8].

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі майлы дақылдар мен қант қызылшасын өсіруді қаржыландыру кезінде осы ережелерді сақтауды ұсынады. Ауыл шаруашылық өндірушілері, егер жергілікті компаниялар көбірек өнім алса, мемлекеттен көбірек қаржыландырулар ала алады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді қаржыландыруды бастау туралы шешімді жыл сайын мемлекет қолдайды (Tokbergenova A., Kiyassova L., Kairova S.) [9].

Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба индикативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қаржыландыруға бағалау көрсеткіштері жүргізді. Ауыл шаруашылық

өнімдерінің жалпы шығарылымы субсидиялау динамикасы мен 2007-2022 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылық өнімдерінің жылдық өндірісі арасындағы байланыс көрсетілген. Ағымдағы бағалардағы өндірістің жалпы көлемі 2022 жылы 2007 жылмен салыстырғанда 4 есе өсті.

Биылғы жылы өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру көлемі 15%-ға ұлғаюы есебінен мүмкін болды. Себебі ауа райының егін жинау науқанында қолайлы жағдайларға мемлекет тарапынан көмек көрсетудің арқасында 22,8 млн тонна астық жинауға мүмкіндік болды. Бұл елімізде соңғы 10 жылда астық дақылдарын жинаудың жоғары көрсеткіштерін көрсетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту есебінен ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі «Ауыл аманаты» бағдарламасын ауқымды іске асыру басталды. 2023 жылы осы мақсаттарға 100 млрд. теңге бөлінді. 2023 жылы мемлекетке 4,6 млн га., ал 2022 жылдың басынан бастап 10 млн га халыққа қайтарылған. 2023 жылдың басынан бастап агроөнеркәсіптік кешенінде 164,5 млрд. теңгеге 207 инвестициялық жоба іске қосылды.

1 кесте ауыл шаруашылық өнімдерінің (көрсетілген қызметтерінің) жалпы шағарылымы 2018-2022 жылдарда ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы бойынша соңғы бес жылда 2 есеге өскенін көреміз оның ішінде, өсімдік шаруашылығы

2,5 есеге өскен. Елде өсімдік майы, қант, жарма, ұн, шұжық және макарон өнімдері көбірек өндіріле бастады.

Саланың мұндай өсуі тұтастай алғанда фермерлердің үйлесімді жұмысымен және агроөнеркәсіп саласындағы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдаумен, агроөнеркәсіп саласындағы инвестициялық жобаларды іске асырумен қамтамасыз етіледі. Мал шаруашылығы 178,0 пайызға өскен, ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер 67,2 пайызға төмендегенін көреміз. Мал шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 0,9 пайызға артып, 3,6 трлн. теңгені құрады.

Тірідей салмақта ет өнімдері өндіріс көлемінің – 0,4 пайыз (шамамен 2,2 тонна), сиыр сүті – 2 пайыз (6,3 мың тонна), тауық жұмыртқасы – 4,4 пайыз (5 млн тонна) құрады. 2022 жылы азық-түлік өндірісі 3,9 пайыз өсу қарқынын көрсетті және ақшалай түрде 2,9 трлн. теңге құрады.

Ауыл шаруашылық министрлігі 2023 жылдан бастап аграрлық сектордағы мемлекеттік қолдау мен қаржыландырудың аталған мәселелерін реттеу мақсатында АӨК-ін мемлекеттік қолдаудың жаңа жүйесін енгізді. Жаңа жүйенің басты ерекшелігі субсидия алушылар үшін қарсы міндеттемелердің болуы. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдауды пайдаланатын фермерлер: өндіріс көлемінің және еңбек өнімділігінің төмендеуіне жол бермеуге, негізгі капиталға кемінде бес жылда бірнеше рет инвестиция салуға міндетті болып отыр.

1 кесте – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2018ж. | 2019ж. | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. | Ауытқу, % (2022/2018) |
|--|-----------|-----------|----------|-----------|----------|-----------------------|
| Жалпы шығарылым | 268 24,0 | 325 748,0 | 391 71,0 | 478 134,7 | 579027,6 | 2 есе |
| Өсімдік шаруашылығы | 146 745,4 | 183 485,8 | 229 15,6 | 302 261,7 | 363 09,1 | 2,5 есе |
| Мал шаруашылығының жалпы өнімі | 120 773,5 | 141 451,9 | 161 19,3 | 175 418,4 | 215045,4 | 178,0 |
| Ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер | 705,1 | 810,4 | 436,1 | 454,6 | 473,1 | -67,2 |

Ескерту: (Статистические данные Бюро национальной статистики...) [8] ақпараттары негізінде авторлармен құрастырылды

Қазіргі қолданыстағы ережелерге сәйкес, алымдардың 50 пайызы Қазақстанда тыңайтқыштар сатып алғаны үшін, 30 пайызы импортты пайдаланғаны үшін төленеді. Ауыл шаруашылық өндірушілеріне жоғары сапалы тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдануға дайын екендіктерін көрсететін пайыздық мөлшерлеме-

лерден гөрі толық субсидия беру туралы шешімдерді үкімет қолдайды.

2 кесте мәліметтерін негізге айтатын болсақ, 2018-2022 жылдар аралығында АӨК-нің субсидиялау 57,2 пайызға өскен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қорының қаржыландыру көлемі 45,1 пайыз болса, жалпы өнімін өндіруде оларды

мемлекеттік қаржыландыруда да оң динамика анықталғанын бірден байқаймыз.

АӨК-ін қаржыландыру көлемі 2022 мен 2018 жылды салыстырғанда екі есеге өскен (99,6 пайыз), ал 2019 жылмен салыстырғанда 57,2 пайызға артты; сәйкесінше 2019 жылмен 2022 жылмен салыстырғанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

қорының қаржыландыру көлемі 45,1 пайыз болса, ауыл шаруашылығы бойынша негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша 66,9 пайызға өскен, ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 85,8 пайызға өскенін көреміз. Ал елдегі инфляция деңгейі соңғы жылдары 14,78 пайызды көрсетіп отыр.

2 кесте – АӨК-нің қаржыландырылу жағдайы және өндіріс көлемі, млрд. теңге

| Көрсеткіштер | 2018ж. | 2019ж. | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж. | Ауытқу, % (2022/2018) |
|---|--------|--------|--------|--------|--------|--------------------------|
| АӨК-ін субсидиялау | 226 | 287 | 366 | 372,5 | 451,1 | 157,2 |
| АӨК-ін Бәйтерек қорының қаржыландыру көлемі | - | 448,7 | 445,7 | 464,2 | 651,1 | 145,1 |
| Ауыл шаруашылығы бойынша негізгі капиталға инвестициялар* | 365 | 495 | 565 | 773 | 826 | 166,9 |
| Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы* | 4 474 | 5 151 | 6 335 | 7 515 | 9 571 | 185,8 |
| Инфляцияиндексі, % | 105,43 | 104,9 | 107,5 | 108,4 | 120,4 | 114,78 |

Ескерту: (Статистические данные Бюро национальной статистики...) [8] ақпараттары негізінде авторлармен құрастырылды

Жалпы алғанда, жоғарыда қарастырылған кестелермен салыстырғанда мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнын қаржыландыруда оң өзгеріс байқалады, ауыл шаруашылығындағы жалпы табыс деңгейінің индексі агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау мен қаржыландыруда нақты қиындықтардың болуын көрсетіп отыр.

Елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мақсатында мемлекет жыл сайын қаржылық қолдау көлемін ұлғайтып отыр. Орташа алғанда, жылына тікелей республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығының 234 құрылымын қаржыландыруға 300 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінген. Еліміздің АӨК саласын қаржылай қолдауда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, сонымен қатар, «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ маңызды рөл атқаратыны белгілі.

АШТӨ-ін қаржыландыру және жеңілдетілген пайызбен несиелендіру жұмыстардың басым көпшілігі «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ қаржы институты арқылы іске асырылады.

Ауыл шаруашылығы мемлекеттік даму бағдарламаларында көрсетілген қарапайым ережелерді ұстанады. Алайда, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың стратегиялық мақсаттарымен қатар, осы қаржы институттарының мүдделері де бар. Бұл АШТӨ бойынша мемлекет тарапынан берілген қаражаттың мөлшерін ұлғайтады және оларды мемлекеттік бағдарламада көрсетілген қарапайым шарттармен салыс-

тырғанда басым жағдайда көмек беру. Сонымен қатар, аграрлық секторға бөлінетін қаржылық ресурстарды бақылау мен талдауда қиындықтар туғызады (3 кесте).

Мәліметтерді қарастыра отырып 2021-2025 жылдарға арналған ҚР АӨК дамыту жөніндегі ұлттық жобада көзделген «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы қаржыландыру көлемі бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ жарғылық капиталын кейіннен лизингке беру үшін техника, жемшөп дайындау техникасы мен мобильді жүйелерді сатып алуды қаржыландыру үшін ұлғайту көлемі соңғы бес жылда 79 400 млн теңге болса, агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды қолдауға 3 759 млн теңге бөлінген.

АӨК көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру АӨК көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын субъективті қаржыландыру және ауыл шаруашылық өнімдерін өткізуде агроөнеркәсіп субъектілерін кредиттік қаражатпен қамтуды кеңейту мақсатында түрлі қаржы құралдары қолданылады: тікелей кредиттеу, кредиттік серіктестіктер, микроқаржы ұйымдары. Екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар сияқты қаржы институттарын қорландыру қарастырылған (Zoria O., Zoria S., Salohub I.) [10], (Staniszwski J., Borychowski M.) [11].

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған түрлі қолдау шаралары мен қаржыландырулардың нәтижелері бірқатар жетістіктер мен белгілі бір қиындықтардың болуын көрсетті.

3 кесте – ҚР АӨК дамыту жөніндегі ұлттық жобада көзделген «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы қаржыландыру көлемі (2021-2025жж.), млн теңге

| Көрсеткіштер | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | Барлығы |
|--|--------|--------|--------|---------|---------|---------|
| «ҚазАгроҚаржы» АҚ жарғылық капиталын кейіннен лизингке беру үшін техника, жемшөп дайындау техникасы мен мобильді жүйелерді сатып алуды қаржыландыру үшін ұлғайту | - | - | 20 000 | 29 700 | 29 700 | 79 400 |
| Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды қолдау | 1 024 | - | 735 | 1000 | 1 000 | 3 759 |
| АӨК субъектілерін қаржыландыру үшін "Аграрлық кредиттік корпорация" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | - | - | - | 30000 | 30 000 | 60 000 |
| АӨК субъектілерін қолдау бойынша іс-шараларды жүргізу үшін қаржыландыру (көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары) | 70 000 | 70 000 | 70 000 | 70 000 | 70 000 | 350 000 |
| Барлығы: | 71 024 | 70 000 | 90 735 | 130 700 | 130 700 | 493 159 |
| Ескерту: (Статистические данные Бюро национальной статистики...) [8] ақпараттары негізінде авторлармен құрастырылды | | | | | | |

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау және қаржыландырулар арқылы алынған нәтижелер мен мүмкіндік-тердің ішінде біз мыналарды атап өтеміз:

- агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудың жоғары деңгейі (агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау);

- ауылдық жерлерде микронесие беру бағдарламаларын іске асыру, микронесие беруді кеңейту;

- Қазақстан Республикасының банк заңнамасын нығайту және III базельге сәйкес банктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- агроөнеркәсіптік кешендегі дағдарыстық жағдайларда қаржылық шығындармен байланысты тәуекелдерді төмендетуге көшу;

- банктердің неғұрлым тұрақты қаржыландыру көздерін іздеуі;

- ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жандандыру (ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау саяси бағдар мен басымдықтардағы өзгерістер);

- сыртқы сауданы дамытудың арқасында агроөнеркәсіптік кешен жедел даму үшін үлкен мүмкіндіктерге ие және максималды өткізу қабілеттілігін күшейту (Staniszewski J., Worychowski M.) [11], (Сигарев М.И., Таипов Т.А.) [12].

Талқылау

Бұл нәтижелер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, нысаналы қаржыландыру, аграрлық секторды дамытуды мемлекеттік қолдау аграрлық сектордың ЖІӨ-дегі үлесін ұлғайтуды жеделдетуге тиіс. Экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігі төмен болғандықтан, ауылдық жерлерде

проблемалар саны артып келеді (Fishkis O., Weller J.L., Pöllinger J. et al.) [13], (Калиев Г.А., Молдашев А.Б.) [14].

Біріншіден, ауыл және қала тұрғындарының өмір сүру сапасы мен деңгейі, табыс мөлшері, тұрақты жұмыс орындарының аздығы, әрекетке қабілетті халықтың ауылдық жерлерден кетуі және т.б. арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар мәселелермен жұмыс жасау.

Екіншіден, қайта қаржыландыру кредиттерінің Ұлттық банктің пайыздық мөлшерлемелеріне және қаржы институттарының ҰБ-на Қазақстан Республикасындағы қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің өзгеруіне әсері. Әдетте, бұл қаржы институттары ауыл шаруашылық өндірушілері үшін делдал ретінде әрекет етеді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының банк заңнамасын күшейту және банктердің базель III-ге көшуі ауыл шаруашылығының бірқатар мәселелерін күшейтуі мүмкін.

Үшіншіден, ауыл тұрғындарының қаржылық дағдыларының төмендігіне байланысты ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қаржы институттарына деген сенімі айтарлықтай төмендеді. Сондықтан көп жағдайда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер корпоративтік реттеу шеңберінде жұмыс істеу үшін мүмкіндіктерді толық пайдалана алмайды. Нәтижесінде олар субсидиялар мен мемлекеттік қолдау алмайды осы мәселелерге мемлекеттік реттеулер жүргізу қажет (Akhmetova K., Terzhanova A., Akhmetova A.) [15].

Қорытынды

1. АӨК-нін қаржыландыруда талдау жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды

өзірлеуді тәуелсіз объективті бағалауды қамтамасыз етеді. Өткен жылы елімізде азық-түлік өндірісі 3,9 пайызға артып, 2,9 трлн. тенгені құрады. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өнімінің экспортына қойылған шектеулерге қарамастан, өндірістің ұлғаюына байланысты ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты 2022 жылдың қорытындысы бойынша 5,6 млрд. теңге болды, яғни 2021 жылмен салыстырғанда 46 пайызға артқан.

Сонымен қатар өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты 64 пайызға артып, 2,3 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте 3,3 млн тонна көлеміндегі ұн өндірісі ішкі тұтынадан бірнеше есе артық және экспорттық жабдық көлемі бойынша (1,9 млн тонна) елемдегі жетекші орындардың бірін алады.

2. Негізгі проблемалар дәстүрлі импорттаушы елдерде өңдеуді дамыту есебінен қазақстандық ұнды өткізу нарықтарының қысқаруы, сондай-ақ протекционизмді мемлекеттік қолдау шараларын енгізу болып табылады. Сондай-ақ, дәнді дақылдарды кешенді қайта өңдеу кәсіпорындарын салу және жаңғырту кезінде шығындардың 25 пайызға дейін инвестициялық субсидиялар беру, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, айналым қаражатын толықтыруға жеңілдікті кредиттер, салық жеңілдіктері, сондай-ақ көлік шығындарын төлеу арқылы кәсіпорындарды жаңа өндірістер ашуға ынталандыру шаралары қабылдануда экспорт шығындары 30 пайызға жетті.

3. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. Осыған байланысты отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің шетелдік ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімен салыстырғандағы бәсекелестік артықшылықтарын білу өте маңызды. Міндетті мемлекеттік аграрлық саясаттың тиімділігін күшейту, қолдау шараларын және қорғау шараларын енгізу.

4. Ауылдық аудандардың тұрақты дамуына жәрдемдесу. Ауылдық жерлердің мамандану деңгейін анықтағаннан кейін техникалық картаны әзірлеп, перспективалы ауылдар мен аудан орталықтарында өндірістік объектілерін салу. Халықтың табысын, ауыл шаруашылығы ЖІӨ мен экспортының бір бөлігін ұлғайту, сондай-ақ тұрақты жұмыс орындарын құру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Осылайша, ауылдық жерлерде урбанизацияға, шоғырлануға және басқарылатын инфрақұрылымға ықпал етудің жақсы мүмкіндігі туады.

5. Ауыл шаруашылығында өнім өндіру көлемі және мемлекет осы салаларды

қолдау көлемінің ұлғаюы байқалады. Дегенмен бөлінген қаржылық ресурстардың көбеюіне қарамастан, өндіріс тиімділігінің мөлшері әлі де болса төменгі деңгейде қалуда. Бүгінгі таңда жалпы агроөнеркәсіп кешенінде, сондай-ақ егіншілік пен мал шаруашылығында жүйелі проблемалардың бар екендігін байқап отырмыз. Сондықтан, мемлекет тарапынан егін шаруашылығына және мал шаруашылығына берілетін қаржыладыру көздерін мемлекеттік және жергілікті әкімшілік басқару органдарының қадағалауымен тексеріліп берілуі қажет.

6. Ауыл шаруашылығы секторын қаржыландыратын қаржы институттарын бірыңғай орталыққа интеграциялау және ауыл халқының қаржылық дағдыларын арттыру. Бүгінде ауыл тұрғындарының қаржылық білімі жеткіліксіз. Көп жағдайда олардың жұмысы әрқашан қаржылық ақпаратты қамтымайды. Бұл жағдайлар ауыл шаруашылық өндірушілері үшін тұрақты қаржыландыру мүмкіндігін азайтады. Сондықтан дамыған елдердің тәжірибесін ескере отырып, ауыл шаруашылығы мамандандырылған бағдарламасын құру қажет. Бұл агроөнеркәсіптік кешенге бөлінетін мемлекеттік қаражатты қатаң бақылаудың және елдегі инфляцияны тежеудің бірегей тетігі болады.

Авторлардың үлесі: Тажибаев Серик Дуйсеналиевич: тұжырымдамалау, әдіснаманы әзірлеу, жазу, зерттеуді үйлестіру, зерттеу нәтижелерін растау; Мусаева Гульнар Кудайбергеновна: зерттеу тәлімгерлігі, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, редакциялау; Танатова Салтанат Орынбасарқызы: деректерді талдау және жинау.

Мүдделер қақтығысы: автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2030 годы [Электронный ресурс].-2021.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (дата обращения: 23.06.2023).

[2] Государственная программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства «Еңбек» на 2017-2021 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 13.11.2018 года № 746 [Электронный ресурс].- 2017.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746> (дата обращения: 23.06.2024).

[3] Национальный план развития Республики Казахстан до 2025 года, утвержденный Указом Президента Республики Казахстан от 15.02.2018 года № 636 [Электронный ресурс].- 2018.- URL: <https://www.adilet.zan.kz> (дата обращения: 20.06.2024).

[4] Tazhibaev, S. Financial sustainability of commercial banks on the basis of strategic management accounting Titolo Rivista/ S. Tazhibaev, S. Tanatova, G. Dolanbekov, Zh. Tazhibaeva // Rivista di studi sulla sostenibilita.- 2022.- Vol. XII.- Issue 1.-P. 127-135.

[5] Kuchukova, N. The financial aspects of the third economic modernization in Kazakhstan / N. Kuchukova, G. Kerimbek, B. Saparova, A. Zhussupova // Journal of Social Sciences Research. - 2018. – Vol. 4. – N.12. - P. 483-490.

[6] Lukhmanova, G. Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan / G. Lukhmanova, K. Baisholova, N. Shiganbayeva // Revista Espacios. -2019. - Vol.40. - N. 32. - P. 6-19.

[7] Закон Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» от 26.11.2012 года № 56-V (с изм. и доп. по состоянию на 03.03.2023г.). [Электронный ресурс].- 2023.- URL:https://www.online.zakon.kz/Document/?doc_id=31300092 (дата обращения: 20.06.2024).

[8] Статистические данные Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2022.- URL:<https://www.stat.gov.kz/> (дата обращения: 20.06.2024).

[9] Tokbergenova, A. Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan / A. Tokbergenova, L. Kiyassova, S. Kairova // Polish Journal of Environmental Studies. - 2018.- Vol. 27.-N5.-P.1923-1933.

[10] Zoria, O., Zoria, S., Salohub, I. Formation of organizational and economic mechanism of state regulation of agricultural lending system: Market Infrastructure [Electronic resource]. - 2020. - URL: https://www.researchgate.net/publication/340867256_formation_of_or_ganizational_and_economic_mechanism_of_state_regulation_of_agricultural_lending_system (date of access: 20.06.2024). <https://doi.org/10.32843/infrastruct40-14>

[11] Staniszewski, J. The impact of the subsidies on efficiency of different sized farms. Case study of the Common Agricultural Policy of the European Union/J. Staniszewski, M.Borychowski //Agricultural Economics.-2020.-N66.-P.373-380.

[12] Сигарев, М.И. Государственная финансовая поддержка производства сельскохозяйственной продукции в условиях ЕАЭС / М.И. Сигарев, Т.А. Таипов // Известия НАН РК. Серия аграрных наук.-2018.-N2.- С.42-49.

[13] Fishkis, O. Ecological and economic evaluation of conventional and new weed control techniques in row crops / O. Fishkis, J. L. Weller, J. Pöllinger, F. Strassemeyer, J. Koch, J. Heinz // Agriculture, Ecosystems and Environment.- 2024.- N 36.- P. 23-39. <https://doi.org/10.1016/j.agee.2023.108786> [in English].

[14] Калиев, Г.А. Вопросы продовольственной безопасности Казахстана / Г.А. Калиев, А.Б. Молдашев //Проблемы агрорынка.- 2021.-№4(4).-С.13-22. <https://doi.org/10.46666/>

2021-4.2708-9991.01

[15] Akhmetova, K. State regulation of agricultural sector of Kazakhstan / K. Akhmetova, A. Terzhanova, A. Akhmetova //Problems of Agri-Market.- 2020.- No 3. –P. 60–66.

References

[1] Konceptiya razvitiya agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2021-2030 gody [Concept of development of agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2030 years] (2021). Available at: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P21> (date of access: 23.06.2023) [in Russian].

[2] Gosudarstvennaya programma razvitiya produktivnoj zanyatosti i massovogo predprinimatel'stva «Enbek» na 2017-2021 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 13.11.2018 goda № 746 [State program of development of productive employment and mass entrepreneurship «Enbek» for 2017-2021. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan from 13.11.2018 № 746] (2017). Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746> (date of access: 23.06.2023) [in Russian].

[3] Nacional'nyj plan razvitiya Respubliki Kazahstan do 2025 goda, utverzhennyj Ukazom Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 15.02.2018 goda № 636 [National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025, approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from 15.02.2018 № 636] (2018). Available at: <https://www.adilet.zan.kz> (date of access: 20.06.2023) [in Russian].

[4] Tazhibaev, S., Titolo Rivista, Dolanbekov, G., Tazhibaeva, Zh. (2022). Financial sustainability of commercial banks on the basis of strategic management accounting. *Rivista di studi sulla sostenibilita*, 127-135 [in English].

[5] Kuchukova, N., Kerimbek, G., Saparova, B. & Zhussupova, A. (2018). The financial aspects of the third economic modernization in Kazakhstan. *Journal of Social Sciences Research*, 4(12), 483–490 [in English].

[6] Lukhmanova, G., Baisholova, K. & Shiganbayeva, N. (2019). Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. *Revista Espacios*, 40(32), 6–19 [in English].

[7] Zakon Respubliki Kazahstan «O mikrofinansovoj deyatel'nosti» ot 26.11.2012 goda № 56-V. (s izm. i dop. po sostoyaniyu na 03.03.2023 g.) [Law of the Republic of Kazakhstan "On Microfinance Activity" dated 26.11.2012 № 56-V (with amendments and additions as of 03.03.2023)]. Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31300092 (date of access: 20.06.2023) [in Russian].

[8] Statisticheskie dannye Byuro natsional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan [Statistical data of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2022).

Available at: <https://www.stat.gov.kz/> (date of access: 24.03.2023) [in Russian].

[9] Tokbergenova, A., Kiyassova, L., & Kairova, S. (2018). Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan. Polish Journal of Environmental Studies, 27(5), 1923–1933. [in English].

[10] Zoria, O., Zoria, S. & Salohub, I. (2020). Formation of organizational and economic mechanism of state regulation of agricultural lending system: Market Infrastructure. Available at: https://www.research-gate.net/publication/340867256_formation_of_organizational_and_economic_mechanism_of_state_regulation_of_agricultural_lending_system (date of access: 20.06.2024) <https://doi.org/10.32843/infrastruct40-14> [in English].

[11] Staniszewski, J. & Borychowski, M. (2020). The impact of the subsidies on efficiency of different sized farms. Case study of the Common Agricultural Policy of the European Union. *Agricultural Economics*, 66, 373–380 [in English].

[12] Sigarev, M.I. & Taipov, T.A. (2018). Gosudarstvennaya finansovaya podderzhka pro-

izvodstva sel'skohozyajstvennoj produkcii v usloviyah EAES [State financial support of agricultural production in the EAEU conditions]. *Izvestiya NAN RK. Seriya agrarnykh nauk – Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Agrarian Sciences*, 2, 42–49 [in Russian].

[13] Fishkis, O., Weller, J.L., Pöllinger, J., Strassemeyer, F., Koch, J. & Heinz, J. (2024). Ecological and economic evaluation of conventional and new weed control techniques in row crops. *Agriculture, Ecosystems and Environment*, 36, 23–39. <https://doi.org/10.1016/j.agee.2023.108786> [in English].

[14] Kaliev, G.A. & Moldashev, A.B. (2021). Voprosy prodovol'stvennoj bezopasnosti Kazakhstana [Issues of food security of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 4(4), 13–22. <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.01> [in Russian].

[15] Akhmetova, K., Terzhanova, A. & Akhmetova, A. (2020). State regulation of agricultural sector of Kazakhstan. *Problems of AgriMarket*, 3, 60–66 [in English].

Авторлар туралы ақпарат:

Тәжібаев Серік Дүйсенәліұлы – негізгі автор; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Қаржы және есеп» кафедрасының профессоры; Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институты; 080008 Желтоқсан көш., 69Б, Тараз қ., Қазақстан; e-mail: stazhibaev@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9620-235X>

Мусаева Гүлнар Кудайбергеновна; экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; «Экономика және менеджмент» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, 080000 Төлеби көш, 60, Тараз қ., Қазақста; e-mail: Gulnar_aru71@list.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9017-3359>

Танатова Салтанат Орынбасарқызы; Ph.D докторы; аға оқытушы; «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы; М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті; 720064 Фрунзе көш., 12, Бишкек қ., Қырғызстан; e-mail: tanatova.saltanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0004-7753-119X>

Information about authors:

Tazhibayev Serik Duysenalievich – The main author; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Finance and Accounting; Sh. Murtaza International Taraz Innovation Institute; 080008 Zheltoksan str., 69b, Taraz, Kazakhstan; e-mail: stazhibaev@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9620-235X>

Musaeva Gulnar, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor; Associate Professor of the Department of Economics and Management; M. H. Dulati Taraz Regional University; 080000 Tolebi str., 60, Taraz, Kazakhstan; e-mail: Gulnar_aru71@list.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9017-3359>

Tanatova Saltanat Orynbasarkyzy; Ph.D, Senior Lecturer of the Department of Finance; M. Ryskulbekov Kyrgyz Economic University; 720064 Frunze str., 12, Bishkek, Kyrgyzstan; e-mail: tanatova.saltanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0004-7753-119X>

Информация об авторах:

Тәжібаев Серік Дүйсенәліевич – основной автор; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Финансы и учет»; Международный Таразский инновационный институт им. Ш. Мұртазы; 080008 ул. Желтоқсан, 69Б, г. Тараз, Казахстан; e-mail: stazhibaev@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9620-235X>

Мусаева Гүлнар; кандидат экономических наук, ассоциированный профессор; ассоциированный профессор кафедры «Экономика и менеджмент»; Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати; 080000 ул. Төлеби, 60, г. Тараз, Казахстан; e-mail: Gulnar_aru71@list.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9017-3359>

Танатова Салтанат Орынбасарқызы; доктор Ph.D; старший преподаватель кафедры «Финансы»; Кыргызский экономический университет им. М. Рысқұлбекова; 72006 ул. Фрунзе, 12, г. Бишкек, Кыргызстан; e-mail: tanatova.saltanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0004-7753-119X>